

ЖШС «Оңалайық, балақай! бөбекжай-балабақшасының»
менгерушісі: _____



ЖШС «Оңалайық, балақай! бөбекжай-балабақшасы»
Ересек «ЖАУҚАЗЫН» тобы (4 жастағы балалар)
Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған КҮНТІЗБЕЛІК-
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Музыка жетекшісі: Арыстанбаева Анаркүл

Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
ЖШС «Оңалайық, балақай! бөбекжай-балабақшасы
Ересек «ЖАУҚАЗЫН» тобы (4 жастағы балалар)
(Музыка-1, 72 сағат)

№	ҮІӨ тақырыбы	ҮІӨ мақсаты	Музыка шығармасын тыңдау	Ән салу	Музыкалық аспаптарды ойнау	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Музыкалық дағдыларды дамытуға арналған ойындар	Қимыл-қозғалыс ойыны	Сағат саны	Күні
1	Балабақша әніміз	Балалардың балабақшаға деген жағымды көзқарасын қалыптастыру. Музыкалық шығарманы зейін қойып тыңдап, оның сипатын, көңіл күйін ажыратуға үйрету. Әнді анық айтып, тынысты дұрыс алып орындауға жаттықтыру. Музыка ырғағына сәйкес қимылдарды үйлесімді орындау, бірлесіп әрекет ету және эстетикалық талғамын дамыту.	Е. Тиличеева «Марш»	Б. Бейсенова «Балабақша»	Сылдырма қпен қарапайым ырғақ	М. Раухвергер «Әуе шарларымен би»	«Ән салған кім?», «Қай аспаптың үні?»	«Кім жылдам?»	1	03.09.2024
2	Көңілді балалар	Музыканың көңілді сипатын сезіне білуге үйрету. Әнді бірге бастап, бірге аяқтау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық есту қабілетін, ырғақ	Э. Парлов «Марш»	Б. Бейсенова «Балабақша»	Даңғыра	М. Раухвергер «Қыдырамыз, билейміз»	«Музыкалық текше», «Жоғары-төмен дыбыс»	«Көңілді балалар»	1	05.09.2024

		сезімін және шығармашылық белсенділігін дамыту.								
3	Біздің балабақшада ойыншықтар көп	Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін музыкамен байланыстыра кеңейту. Музыкалық шығарманың мазмұнын қабылдап, әнді мәнерлеп орындауға үйрету. Ырғақ сезімін және ұжыммен орындау мәдениетін жетілдіру.	Ө. Байділдаев «Бақшаға барамын»	И. Нүсіпбаев «Ойыншықтар»	Ағаш қасықтар	Е. Макшанцева «Разминка»	«Ойыншықтың дауысын тап»	«Қуыршақты жеткіз»	1	10.09.2024
4	Ата-ананы тыңдаймыз	Отбасы мүшелеріне құрмет сезімін тәрбиелеу. Балаларды баяу және жайлы музыканы сезіммен қабылдауға, әнді анық әрі жұмсақ орындауға үйрету. Музыкалық-қимылдық үйлесімділігін жетілдіру.	Қазақ халық әні «Әлди-әлди»	Б. Бейсенова «Ата-ананы тыңдаймыз»	Үшбұрыш	Ө. Байділда «Көңілді би»	«Үш гүл», «Сылдырмақ»	«Отбасын жина»	1	12.09.2024
5	Жау, жау, жаңбыр	Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Жаңбыр бейнесін музыка арқылы қабылдауға, ырғақты дәл орындауға және қарапайым аспаптармен сүйемелдеуге үйрету. Музыкалық есте сақтауын және қиялын дамыту.	Г. Лобачев «Жаңбыр»	Д. Ботбаев «Жаңбыр»	Бубен	М. Раухвергер «Қыдырамыз, билейміз»	«Жаңбыр»	«Күн мен жаңбыр»	1	17.09.2024
6	Жаңбыр	Балаларды музыкалық	Е.	Д. Ботбаев	Аса таяқ	В. Тюльканов	«Қандай	«Бұлт пен	1	19.09.2024

		шығарманың сипатын, екпінін және дыбыс күшінің өзгерісін сезіне білуге үйрету. Жаңбырдың табиғаттағы ерекшеліктерін музыка арқылы қабылдап, алған әсерін қимылмен жеткізуге баулу. Әнді анық дикциямен, дұрыс тыныс алып орындауға жаттықтыру. Қарапайым музыкалық аспаптарды ырғаққа сай қолдану дағдыларын қалыптастыру, есту қабілеті мен шығармашылық белсенділігін дамыту.	Құсаинов «Көңілді арбакеш» (ән тыңдау). Музыканың көңілді сипатын, екпінін және динамикасын ажырату.	«Жаңбыр». Әнді таза интонациямен, бірқалыпты қарқынмен орындау.	және сылдырмақ пен жаңбыр тамшыларының ырғағын сүйемелдеу.	«Марш»; Г. Абдрахманов а «Сәлемдесу жаттығуы». Жүру, бұрылу, жеңіл секіру.	ырғақ?», «Көңілді ноталар». Ұзақ-қысқа дыбыстарды ажырату.	күн»		
7	Күздің ғажайып құбылыстары	Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін музыка арқылы кеңейту. Музыкалық шығарманың көңіл күйін, сипатын сөзбен сипаттай білуге үйрету. Би қимылдарын әуеннің қарқыны мен ырғағына сәйкес орындауға дағдыландыру. Табиғатқа қамқорлық жасауға, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.	Қазақ халық күйі «Кеңес» (үзінді). Баяу және шапшаң бөліктерін салыстыру.	«Алтын күз» (балалар әні). Әннің мазмұнын түсініп, мәнерлеп айту.	Үшбұрыш және ағаш қасықтармен күзгі ырғақты орындау.	Жапырақтармен еркін би қимылдары, шеңбермен қозғалу.	«Сикырлы қорапша», «Қатты немесе ақырын». Дыбыс күшін ажырату.	«Жапырақты жина»	1	24.09.2024
8	Күн дидарлы	Балалардың туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін	Е. Хасанғалие	Ө. Байділдаев «Балақан да,	Даңғырамен марш	Е. Тиличеева «Марш», Е.	«Менің балаларым	«Туды жеткіз»	1	26.09.2024

	Қазақстан	қалыптастыру. Салтанатты сипаттағы музыканы тыңдап, оның көңіл күйін анықтай білуге үйрету. Әнді хормен үйлесімді орындау, дұрыс тыныс алу және анық айту дағдыларын жетілдіру. Музыкалық мәдениетін, патриоттық сезімін дамыту.	в «Күн дидарлы Қазақстан» (тыңдау). Әуеннің салтанатты сипатын сезіну.	балапан». Бірге ән айту мәдениетін қалыптастыру.	ырғағын орындау.	Андосов «Біз билейміз». Жүппен және шеңбермен қозғалу.	қайда?», «Күннің көзі және бұлт».			
9	Ару күз	Күз табиғатының әсемдігін музыка арқылы қабылдауға үйрету. Музыкалық шығарманың сипатын ажыратып, алған әсерін сөзбен жеткізе білуге баулу. Әнді эмоциялық бояумен орындауға және ырғақтық қимылдарды дәл үйлестіруге жаттықтыру. Эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін дамыту.	И. Кишко «Күз» (тыңдау). Әуендегі көңіл күй өзгерістерін анықтау.	Г. Абдрахманов а «Күз». Әнді анық, таза интонациямен айту.	Қоңыраулармен жеңіл ырғақ сүйемелі.	И. Соколовский «Марш»; «Шамшырақтар» би қимылдары.	«Музыкалық жапырақтар». Биік және төмен дыбысты ажырату.	«Сарыала қаздар»	1	01.10.2024
10	Күз	Балалардың күз туралы білімдерін музыка арқылы бекіту. Музыканы мұқият тыңдап, шығарманың сипаты мен қарқынын ажырата білуге үйрету. Әнді көркем орындауға, ырғақтық қозғалыстарды үйлесімді жасауға және	Д. Ботбаев «Күз әуені» (тыңдау). Музыкалық бейнені талдау.	Б. Бейсенова «Алтын күз». Әнді ансамбльмен орындау.	Бубенмен және сылдырмақпен сүйемелдеу.	«Жапырақтар биі» (украин халық әуені), И. Соколовский «Марш».	«Музыкалық үйшік», «Балақан да алақан».	«Күзгі жел»	1	03.10.2024

		музыкалық есте сақтау қабілетін дамытуға жағдай жасау.								
11	Күзге ән арнайық	Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін музыка арқылы тереңдету. Музыкалық шығарманы соңына дейін зейін қойып тыңдап, оның көңіл күйін, екпінін және сипатын ажырата білуге үйрету. Әннің мазмұнын түсініп, сөздерін анық айтып, тынысты дұрыс алып орындауға жаттықтыру. Музыка ырғағына сәйкес жеңіл би қимылдарын үйлесімді орындау, есту қабілетін, ырғақ сезімін, шығармашылық белсенділігін және табиғатқа сүйіспеншілік сезімін дамыту.	Д. Ботбаев «Күз әуені» әнін тыңдау. Әуеннің баяу және көңілді бөліктерін ажырату, күз көріністерін әңгімелеу.	Б. Бейсенова «Алтын күз» әнін анық дикциямен, бірқалыпты қарқынмен хормен орындау.	Сылдырма қтармен және қоңыраулармен ән ырғағын сүйемелдеу, қарапайым ырғақ үлгілерін қайталау.	И. Соколовский «Марш»; «Жапырақтар биі» украин халық әуені. Шеңбермен қозғалу, жұптасып билеу, жапырақтармен еркін қимылдар.	«Төмен және жоғары дыбыстар», «Күн мен жаңбыр». Дыбыс биіктігін, музыканың көңіл күйін ажырату.	«Жапырақты кім тез жинайды?»	1	08.10.2024
12	Жомарт күз	Балалардың күздің берекесі туралы түсініктерін кеңейту. Музыкалық шығармаларды салыстыратыңдап, олардың сипатын анықтауға үйрету. Дыбыстың ұзақтығын, екпінін сезіне білу дағдыларын қалыптастыру.	Е. Құсаинов «Менің сүйікті атам» әнін тыңдау. Кейіпкердің көңіл күйін	Д. Ботбаев «Күз жомарт» әнін сөзін анық айтып, табиғи дауыспен орындау.	Асатаяқ және үшбұрыш аспаптарымен қарапайым ырғақтық сүйемелдеу орындау.	Қ. Шілдебаев «Жүгіру»; Е. Өміров «Сылдырмақпен ойын». Ирек жолмен жүру, айналу, жеңіл жүгіру.	«Менің балапандарым қайда?», «Біздің саяхат». Музыканы тыңдап бағыттты	«Жемістерді жина»	1	10.10.2024

		Әнді көркем орындауға, ырғақтық қозғалыстарды үйлестіруге және музыкалық есте сақтау қабілетін дамытуға жағдай жасау.	сипаттау.				және дыбыс көзін анықтау.			
13	Ас – адамның арқауы	Балалардың нанның қадірі мен адам еңбегінің маңызын музыка арқылы түсінуіне ықпал ету. Музыкалық шығарманы зейін қойып тыңдау, дыбыстың ұзақтығын сезіну және әннің мазмұнын түсініп орындау дағдыларын жетілдіру. Би қимылдарын музыкамен үйлестіру, достыққа, еңбекқорлыққа және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Т. Вилькорейская «Гүлдермен би» шығармасын тыңдап, сипатын анықтау.	К. Қуатбаев «Бөбектер әні» әнін анық, мәнерлі орындау.	Ағаш қасықтармен және бубенмен қарапайым ырғақтарды орындау.	Е. Арне «Адыммен айналу»; Ө. Байділда «Көңілді би». Қадамдарды музыка ырғағымен үйлестіру.	«Кішкене тоқаштар». Ұзақ және қысқа дыбыстарды ажырату.	«Айгөлек»	1	15.10.2024
14	Тәтті нан	Балалардың нанға деген құрмет сезімін қалыптастыру. Музыканың көңіл күйі мен сипатын ажыратып, әнді дұрыс тыныс алып орындауға үйрету. Музыкалық есту қабілетін, ырғақ сезімін, қозғалыс үйлесімділігін және сахналық мәдениетін дамыту.	Б. Жүсіпәлиев «Көңілді марш» әнін тыңдау, марштық екпінді сезіну.	Б. Аманжолов «Тәтті нан» әнін бірге орындау.	Үшбұрыш, сылдырмақпен күшті және әлсіз үлестерді соғу.	И. Соколовский «Марш»; Е. Андосов «Біз билейміз». Жұптық және шеңберлік қозғалыстар.	«Көңілді – мұңды», «Bells». Музыканың көңіл күйін және қоңырау үнін ажырату.	«Диірмен»	1	17.10.2024
15	Адам	Балалардың еңбек	Б.	Б. Аманжолов	Даңғыра	И.	«Әуенді	«Еңбекқо	1	22.10.2024

	еңбегіне жыр	адамдарына деген құрметін музыка арқылы қалыптастыру. Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратып, тыңдалған әуен туралы өз ойын жеткізуге үйрету. Әнді хормен үйлесімді орындау, ырғақтық қозғалыстарды дәл орындау, музыкалық есте сақтауын, есту қабілетін және шығармашылық белсенділігін дамыту.	Жүсіпәлиев «Көңілді марш» әнін қайталап тыңдау, марш ырғағын сезіну.	«Тәтті нан» әнін қайталау және мәнерлеп орындау.	және бубенмен қарапайым ырғақтарды сүйемелдеу.	Соколовский «Марш»; Е. Андосов «Біз билейміз». Қозғалыстарды музыка қарқынына сәйкестендіру.	сағат», «Сылдырмақ». Ырғақты дәл қайталау және аспап үнін ажырату.	рлар жарысы»		
16	Көгершіндер әні	Балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту, көгершіннің бейнесін музыкалық шығарма арқылы қабылдай білуге үйрету. Музыканың сипатын, екпіні мен динамикалық өзгерістерін ажырату, тыңдалған шығарма туралы өз ойын қарапайым сөздермен жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Әнді таза интонациямен, дұрыс тыныс алып орындауға жаттықтыру. Музыкалық аспаптарды қарапайым ырғақпен сүйемелдеп	А. Райымқұлова «Торғай әні». Әнді соңына дейін мұқият тыңдау, құстың көңіл күйін, әуеннің сипатын сипаттау, баяу және жылдам бөліктерін салыстыру.	Н. Тілендиев «Көгершіндер әні». Әнді анық дикциямен, дұрыс тыныс алып, хормен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтап орындау.	Сылдырмақ, үскірік және ксилофон арқылы құстардың қимылын бейнелейтін қарапайым ырғақтарды орындау, аспаптарды ұқыпты қолдану.	Б. Жүсіпәлиев «Көңілді марш», Г. Гусейнли «Шөжелерім». Жеңіл жүру, қанат қағу, жұппен және шеңбермен қозғалу.	«Көңілді паровоз», «Үнінен таны». Музыкалық аспаптардың үнін ажырату, есту қабілеті мен ырғақ сезімін дамыту.	«Құстар ұясына қайтты»	1	24.10.2024

		ойнауға, би қимылдарын әуенге сәйкес еркін орындауға баулу. Табиғатқа қамқорлық пен құстарға сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.								
17	Күз әуені	Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін музыкамен байланыстыра толықтыру. Әннің мазмұнын түсініп, эмоциялық әсермен орындауға, дауыс жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету. Музыканың қарқыны мен ырғағына сәйкес қимылдар жасау, домбыраның үнін ажырата білу және ұлттық музыкаға қызығушылықтарын арттыру.	Қ. Шілдебаев «Домбыра» . Домбыра үнін тыңдап, ұлттық аспаптың дыбыстық ерекшелігі н ажырату.	Ө. Байділдаев «Мысығым». Әнді анық айтып, сөздерін есте сақтап, көңілді көңіл күймен орындау.	Домбырада ашық ішек үнін тыңдау және қарапайым ырғақпен сүйемелдеу элементтер імен танысу.	Э. Парлов «Марш»; Д. Ботбаев «Күз әуені». Маршпен жүру, жұптасып бұрылу, жеңіл би қимылдары.	«Қос дабыл», «Соқыр теке». Ырғақты естіп қайталау, дыбыс бағытын анықтау.	«Күзгі жапырақтар»	1	29.10.2024
18	Жомарт күз	Балалардың күз сыйы туралы түсініктерін кеңейту. Музыкалық шығарманы қызығушылықпен тыңдап, оның мазмұны мен көңіл күйін анықтай білуге үйрету. Әнді таза дауыспен орындау, домбыра үніне қызығушылық таныту,	Қ. Шілдебаев «Домбыра» . Тыңдалған шығарма бойынша әңгімелесу, ұлттық үнді	Ө. Байділдаев «Мысығым». Әнді қайталап орындау, интонациялық дәлдікке көңіл бөлу.	Домбырамен қарапайым ырғақтық сүйемелдеу , қағу тәсілін бақылау.	Э. Парлов «Марш»; Д. Ботбаев «Күз әуені». Еркін қозғалыстар мен шеңбер бойымен жүру.	«Бұл қай кезде болады?», «Музыка бояулары». Музыканың сипатын түстермен және жыл мезгілдері	«Алма теру»	1	31.10.2024

		ырғақты дәл сезіну және шығармашылық белсенділігін дамыту.	ажырату.				мен сәйкестендіру.			
19	Күз желі	Балалардың табиғаттағы күзгі өзгерістерді музыка арқылы сезіне білу қабілеттерін дамыту. Музыкалық шығарманың мінезін, қарқынын және динамикасын ажыратып, алған әсерін сөзбен жеткізуге үйрету. Әнді мәнерлеп орындауға, ырғақтық қозғалыстарды дәл орындауға және ұжыммен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Ж. Колодуб «Түлкі вальсі». Вальс ырғағын тыңдау, жеңіл және сырғанақ қозғалыстарды сезіну.	Г. Абдрахманов а «Күз». Әнді тынысты дұрыс алып, анық әрі біркелкі орындау.	Сылдырма кпен желдің ырғағын бейнелеу.	Э. Парлов «Марш», Ф.Ф. Надененконың марш адымы. Шеңбермен жүру, бағыт ауыстыру.	«Жемістер мен көкөністер». Музыкалық үзіндіге сәйкес суреттерді тандау.	«До–ре–ми»	1	05.11.2024
20	Ойыншықтар	Балалардың сүйікті ойыншықтары туралы түсініктерін музыка арқылы байыту. Музыканы зейін қойып тыңдап, әннің мазмұнын түсінуге, музыка жетекшісімен бірге анық және таза орындауға үйрету. Дұрыс тыныс алу, ырғақ сезімі, қозғалыс үйлесімділігі мен шығармашылық қиялын дамыту.	А. Қоразбаев «Кеш жарық». Әннің баяу, жұмсақ сипатын тыңдап қабылдау.	И. Сапарбаев «Ойыншықтар». Әнді көңілді көңіл күймен, анық дикциямен орындау.	Сылдырма қ және бубенмен ойыншықтардың қимылын ырғақ арқылы бейнелеу.	Е. Тиличеева «Марш»; Т. Алинов «Бақа». Секіру, жүру, жануар қимылдарын бейнелеу.	«До–ре–ми», «Көлеңке». Дыбыс биіктігін ажырату және қимылды қайталау.	«Ойыншықты тап»	1	07.11.2024
21	Кірпі	Балалардың кірпі туралы түсініктерін кеңейтіп,	«Ақсақ құлан»	Қ. Шілдебаев «Кірпі» әнін	Сылдырма қ және	Е. Тиличеева «Марш»; К.	«Музыкалық	«Кірпіге саңырауқ	1	12.11.2024

		табиғат пен жануарларға қызығушылығын музыка арқылы дамыту. Музыкалық шығарманың көңіл күйі мен сипатын ажырата білуге, тыңдалған әуеннің мазмұнын өз сөзімен жеткізуге үйрету. Әнді анық дикциямен, дұрыс тыныс алып орындау дағдыларын жетілдіру. Музыка ырғағына сәйкес қимылдарды үйлесімді орындауға, қарапайым ырғақтарды сезінуге және эстетикалық талғамын дамытуға ықпал ету.	қазақ халық әуенін мұқият тыңдау, күйдің сипатын анықтау, баяу және шапшаң бөліктерін салыстыру.	анық, табиғи дауыспен, бірлесіп орындау.	бубенмен қарапайым ырғақтық сүйемелдеу орындау.	Қуатбаев «Түлкі мен қаздар». Жеңіл жүру, жануарлардың қимылын бейнелеу.	моншақтар», «Музыкалық сағат». Ырғақты дәл қайталау, дыбыс ұзақтығын ажырату.	ұлақ жина»		
22	Аңдардан нені үйренеміз?	Балалардың жануарлар туралы білімдерін музыкамен байланыстыра кеңейту. Әннің мазмұнын түсініп, кейіпкерлердің мінез-құлқын ажырата білуге үйрету. Музыкалық есту қабілетін, ырғақ сезімін, дұрыс тыныс алу және топпен ән айту дағдыларын жетілдіру. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	«Ақсақ құлан» қазақ халық әуенін қайталап тыңдау, күйдің ерекшеліктерін сипаттау.	Қ. Шілдебаев «Кірпі» әнін мәнерлеп, эмоциямен орындау.	Асатаяқпен және үшбұрышпен ырғақ сүйемелдеу.	Е. Тиличеева «Марш»; «Түлкі мен қаздар» музыкалық қимылдары.	«Әнді орналастыру». Әуенді тыңдап, сәйкес бейнені таңдау.	«Аңдарды тап»	1	14.11.2024
23	Қорқақ қоян	Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін	К. Черни «Қояндар»	Б. Дәлденбай «Қоңыр аю	Қоңырау және ағаш	Е. Арне «Адыммен	«Сылдырмақтар» (М.	«Қоян мен	1	19.11.2024

		кеңейту. Музыкалық шығарманың сипатын сезіне білуге, әнді эмоциялық бояумен орындауға үйрету. Дұрыс тыныс алу, таза интонация, ырғақтық дәлдік және музыкамен қимылды үйлестіру дағдыларын дамыту. Бірлесіп әрекет етуге және табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	шығармасын тыңдау, қоянның жеңіл қимылдарын музыкамен байланыстыру.	қорбаңбай» әнін анық әрі көңілді орындау.	қасықтармен қарапайым ырғақ орындау.	айналу»; Б. Бейсенова «Мен ауылға барамын». Жұппен айналу, секіру элементтері.	Раухвергер). Дыбыс күшін және ырғақты ажырату.	түлкі»		
24	Қоңыраулар сыңғыры	Балалардың классикалық музыкаға қызығушылығын қалыптастыру. Музыканы мұқият тыңдап, оның нәзік сипатын сезіне білуге үйрету. Әнді көркем орындау, қоңырау үнін ажырату, би қимылдарын музыкамен үйлестіру және шығармашылық қабілеттерін дамыту.	В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры». Музыканың нәзік сипатын, динамикалық өзгерістерін тыңдау.	Б. Байқадамов «Кел, билейік» әнін жеңіл, көңілді көңіл күймен орындау.	Қоңыраулармен қарапайым ырғақтық сүйемелдеу орындау.	Е. Арне «Адыммен айналу»; «Күн мен түн» қазақ халық әуенімен қимылдар орындау.	«Музыкадағы үш кит», «Өз аспабыңды тап». Аспап үндерін ажырату.	«Қоңырауды жеткіз»	1	21.11.2024
25	Қыс әні	Балалардың қыс мезгілінің ерекшеліктерін музыка арқылы қабылдауын дамыту. Музыканың қарама-қарсы бөлімдерін тыңдап, сипатын салыстыруға үйрету. Әнді таза интонациямен орындауға, қоңырау	Д. Ботбаев «Қыс әні»; В. Моцарт «Қоңыраулар үні». Музыкалық бейнені салыстыру.	Қ. Шілдебаев «Қыс» әнін анық дикциямен, дұрыс тыныс алып орындау.	Қоңырау аспабымен және үшбұрышпен қысқы ырғақтарды орындау.	Е. Тиличеева «Марш»; М. Старокадомский «Қысқы би». Жеңіл сырғанау, шеңбермен қозғалу.	«Қысқы әуенді тап», «Қар ұлпалары». Биік-төмен дыбысты ажырату.	«Аққала құрастыр»	1	26.11.2024

		аспабымен қарапайым сүйемелдеу жасауға, ырғақтық қозғалыстарды музыкамен үйлестіруге жаттықтыру. Табиғаттың қысқы көріністеріне қызығушылық пен эстетикалық талғамын қалыптастыру.								
26	Қыс бояулары	Балалардың қыс мезгілінің ерекшеліктерін музыка арқылы қабылдауын жетілдіру. Музыкалық шығарманың қарама-қарсы бөлімдерін тыңдап, олардың көңіл күйі мен сипатын салыстыруға үйрету. Қоңырау аспабында қарапайым ырғақтарды дәл орындауға жаттықтыру, ән айту кезінде тынысты дұрыс алып, таза интонацияны сақтауға баулу. Музыкалық есту қабілетін, ырғақ сезімін және эстетикалық талғамын дамыту.	Д. Ботбаев «Қыс әні» шығармасын және В. Моцарттың «Қоңыраулар үні» шығармасының үзіндісін тыңдау, қыс бейнесін сипаттау.	Қ. Шілдебаев «Қыс» әнін мәнерлеп, бірлесіп орындау.	Қоңыраулар мен үшбұрыш аспабында қысқы ырғақтарды сүйемелдеу.	Е. Тиличеева «Марш», М. Старокадомский «Қысқы би». Шеңбермен қозғалу, жеңіл сырғанау қимылдары.	«Bells». Қоңырау үндерін ажырату, дыбыс ұзақтығын сезіну.	«Қар ұлпаларын жина»	1	28.11.2024
27	Қысты сағындық	Балалардың өзге халықтардың музыкасына қызығушылығын арттыру. Әннің мазмұнын эмоциялық қабылдауға, қыс	В. Красева «Қыс» әнін тыңдау, әуеннің сипатын	К. Қуатбаев, К. Шалқаров «Қыс әні» әнін анық дикциямен	Қоңыраулармен қысқы ырғақтарды орындау.	«Қолдарымыз қайда екен?» жаттығуы; М. Старокадомский «Қысқы	«Қыс қызығы». Музыкалық үзіндіге сәйкес	«Қысқы саңырауқұлақтар»	1	03.12.2024

		мезгілінің ерекшеліктерін музыка арқылы сезінуге үйрету. Дұрыс тыныс алу, топпен ән айту, ырғақты сезіну және музыкалық есте сақтау қабілеттерін дамыту. Музыкалық ойындар арқылы зейінін, байқағыштығын және шығармашылық белсенділігін жетілдіру.	қазақ әндерімен салыстыру.	орындау.		би».	қысқы көріністі тандау.			
28	Жаса, елім!	Балалардың Отанға деген сүйіспеншілік сезімін музыка арқылы қалыптастыру. Салтанатты музыканың сипатын ажырата білуге, әнді мақтаныш сезімімен орындауға үйрету. Музыка ырғағына сәйкес жұппен қозғалу, аспап үнін тыңдау және патриоттық мазмұндағы шығармаларды қабылдау қабілеттерін дамыту.	С. Мұхамеджанов «Бүгін қай күн?» әнін тыңдау, мерекелік көңіл күйді анықтау.	С. Қалиев, Д. Омаров «Елтаңбасы елімнің» әнін хормен орындау.	В. Моцарт «Қоңыраул ар сыңғыры» әуенін қоңырауларда қарапайым сүйемелдеу.	Д. Шостакович «Марш»; А. Мельникова «Жаса, елім!». Жұппен салтанатты қозғалу.	«Ақырын – қатты». Дыбыс күшін ажырату.	«Туды жеткіз»	1	05.12.2024
29	Жаңа жыл	Балалардың Жаңа жыл мерекесіне деген жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Музыкалық шығарманы қызығушылықпен тыңдап, оның көңілді сипатын сезінуге үйрету. Ән мәтінін	Антонио Вивальди «Қыс» шығармасынан үзіндіні тыңдау,	Б. Бейсенова «Жаңа жыл» әнін анық, көңілді орындау.	Сылдырауықтарда «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуенінің	Н. Наденко «Адымдау және жүгіру»; А. Бестібаев «Вальс».	«Күн мен бұлт». Музыканың көңіл күйін ажырату.	«Шыршаны безендір»	1	10.12.2024

		есте сақтап, топпен үйлесімді орындауға, би қимылдарын музыкамен дәл сәйкестендіруге және мерекелік мәдениетті дамытуға баулу.	қысқы көңіл күйді сипаттау.		қарапайым ырғағын орындау.					
30	Жаңа жыл сыйлықтары	Балалардың мерекелік әндерді орындау дағдыларын бекіту. Музыканы мұқият тыңдап, ән мәтінін есте сақтай отырып мәнерлеп орындауға үйрету. Музыкалық аспаптармен сүйемелдеу, ырғақты дәл сезіну және ұжыммен шығармашылық әрекет жасау қабілеттерін дамыту.	Антонио Вивальди «Қыс» шығармасынан үзіндіні қайталап тыңдау, қысқы бейнелерді әңгімелеу.	Б. Бейсенова «Жаңа жыл» әнін қайталап орындау.	Сылдырауықтар мен қоңыраулар арқылы мерекелік ырғақтарды орындау.	Н. Надененко «Адымдау және жүгіру»; А. Бестібаев «Вальс».	«Музыкалық калейдоскоп», «Шырша ойыншықтары». Музыкалық есте сақтау мен есту қабілетін дамыту.	«Аяз ата сыйлығы»	1	12.12.2024
31	Жасыл шырша жанында	Балалардың Жаңа жыл мерекесіне қызығушылығын арттыру, шырша мен Аяз ата туралы әндерді эмоциялық қабылдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көңіл күйі мен сипатын ажыратып, әнді дұрыс тыныс алып, анық дикциямен орындау дағдыларын жетілдіру. Би қимылдарын музыка	К. Қуатбаев «Жасыл шырша жанында» әнін тыңдау, әннің мерекелік сипатын анықтау.	Г. Абдрахманов а «Билейміз Аяз атамен» әнін көтеріңкі көңіл күймен хормен орындау.	Қоңыраулар және сылдырмақтармен мерекелік ырғақты сүйемелдеу.	«Етіктер»; М. Зацепина «Сақиналармен би». Жұппен және шеңбермен қозғалу.	«Шыршаны безендір», «Әуенді жалғастыр». Музыкалық есте сақтау мен ырғақ сезімін дамыту.	«Аяз атаны қарсы алайық»	1	17.12.2024

		ырғағына үйлестіріп орындауға, топпен бірлесіп әрекет етуге, мерекелік мәдениет пен адамгершілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.								
32	Шырша жыры	Балалардың шырша туралы әнді қызығушылықпен тыңдап, мазмұнын түсінуіне жағдай жасау. Топпен ән айту, дұрыс тыныс алу, ырғақты дәл сезіну дағдыларын дамыту. Музыкалық ойындар арқылы есту қабілетін, зейінін және шығармашылық белсенділігін жетілдіру.	Б. Дәлденбаев «Қош келдің, Аяз ата» әнін тыңдау, көңіл күйін сипаттау.	Л. Хамиди «Шырша жыры» әнін анық әрі мәнерлеп орындау.	Сылдырауықтармен қарапайым ырғақтарды орындау.	И. Гуммель «Жүгіру»; «Табиғат әуені» бойынша еркін қимылдар.	«Теңіз», «Ән салған кім?». Әуенді тану және дауыс тембрін ажырату.	«Шырша ойыншықтары»	1	19.12.2024
33	Дала аппақ	Балалардың жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. Музыкалық шығарманың сипатын сезініп, әнді таза интонациямен орындауға, аспаптарды ұқыпты қолдануға үйрету. Қимылдарды музыка қарқынына сәйкестендіру, қысқы табиғаттың әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.	М. Глинка «Полька» шығармасын тыңдау, жеңіл би ырғағын ажырату.	Л. Хамиди «Дала аппақ» әнін анық дикциямен орындау.	Металлофонда «Суық және жылы жел» әуенінің қарапайым ырғақтарын орындау.	Е. Тиличеева «Жылқы адымы»; «Ах вы, сени» әуенімен қозғалыстар.	«Шар ұшты!», «Жоғарғы және төменгі дыбысты тап».	«Қар ұлпасы»	1	24.12.2024
34	Аққалам ең	Балалардың қысқы ойындарға	М. Глинка «Полька»	Л. Хамиди «Дала аппақ»	Металлофонда қысқа	Е. Тиличеева «Жылқы	«Қояндар», «Үлкен –	«Аққала құрастыр	1	26.12.2024

	достасай ық	қызығушылығын арттыру. Музыканың биік және төмен дыбыстарын ажырата білуін бекіту, әнді эмоциялық бояумен орындауға, музыкалық аспаптарды ырғақпен қолдануға үйрету. Қимыл үйлесімділігін, зейінін және есту қабілетін дамыту.	шығармасын қайталап тыңдау, музыкалық бейнені сипаттау.	әнін қайталап орындау.	ырғақтық үлгілерді орындау.	адымы»; «Ах вы, сени» әуенімен жұптық қимылдар.	кішкентай».	»		
35	Аппақ қар	Балалардың қыс мезгіліне байланысты музыкалық шығармаларды қызығушылықпен қабылдауын дамыту. Әнді көркем орындауға, қоңыраулармен қарапайым сүйемелдеу жасауға, би қимылдарын музыкамен үйлестіруге жаттықтыру. Музыкалық есту қабілетін, ырғақ сезімін және шығармашылық белсенділігін жетілдіру.	В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын тыңдау, нәзік үнін ажырату.	Бота Бейсенова «Аппақ қар» әнін көңілді әрі анық орындау.	В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» әуенін қоңырауларда қарапайым ырғақпен орындау.	Е. Тиличеева «Жылқы адымы»; «Табиғат әуені» бойынша би қимылдары.	«Жаңа жылдық әзіл», «Сылдырмақ пен даңғара».	«Қармен ойнаймыз»	1	31.12.2024
36	Қыс әні	Балалардың қыс мезгілі туралы музыкалық шығармаларды қызығушылықпен қабылдауын жетілдіру. Музыканың шулы және баяу бөліктерін, төмен және жоғары дыбыстарын	«Дыбысты біл» («Шулар» сериясы). Дыбыс күшін, қарқынын және көңіл	К.Қуатбаев, К.Шалқаров «Қыс әні». Хормен анық әрі мәнерлеп орындау.	Ағаш қасықтармен қарапайым ырғақтық сүйемелдеу орындау.	«Топылдақтар»; Т.Вилькорейская «Ренжістік–татуластық» биі.	«Қатты және ақырын ән».	«Көңілді қасықтар»	1	09.01.2025

		ажырата білуге үйрету. Әнді дұрыс тыныс алып, анық дикциямен орындауға, ырғақтық қимылдарды музыкамен дәл үйлестіруге және қасықтармен қарапайым ырғақтарды орындауға жаттықтыру. Музыкалық есту қабілетін, зейінін және шығармашылық белсенділігін дамыту.	күйін ажырату.							
37	Қасқыр үнін тыңдайық	Балалардың жабайы аңдар туралы білімдерін музыка арқылы кеңейту. Музыкалық шығарманың сипатына қарай төмен және жоғары дыбыстарды ажыратуға, жануарлардың қимылдарын музыкамен бейнелеуге үйрету. Әнді эмоциялық бояумен орындау, қасықпен ырғақ сүйемелдеу және қимыл үйлесімділігін дамыту.	Д.Ботбаев, А.Асылбек «Қасқыр». Кейіпкердің мінезін музыка арқылы анықтау.	Б.Дәлденбай, А.Асылбек «Аю», «Түлкі». Әндерді анық дикциямен орындау.	Ағаш қасықтармен ырғақтық үлгілерді орындау.	«Ламбада» музыкалық қимылы; «Қасықтармен би».	«Музыкалық қапшық».	«Қасқыр»	1	14.01.2025
38	Аңдар туралы не білеміз	Балалардың аңдар туралы әндерді қызығушылықпен тыңдау және орындаудағыларын бекіту. Музыканың сипатын салыстырып, дыбыс күшін, қарқынын ажырата білуге	Б.Дәлденбай, А.Асылбек «Аю», «Түлкі». Әннің мазмұнын	Д.Ботбаев, А.Асылбек «Қасқыр». Әнді дұрыс тыныс алып орындау.	«Калинка» әуенін сылдырауымен сүйемелдеу.	Р.Глиэр «Байсалды қолдар»; «Ламбада».	«Ақырын–қатты», «Менің балаларым қайда?».	«Аңдарды қоректендіріңіз»	1	16.01.2025

		үйрету. Сылдырауықпен қарапайым ырғақтарды орындау, шығармашылық қиялын, музыкалық есте сақтауын және есту қабілетін дамыту.	талдау.							
39	Құстар әні	Балалардың құстар туралы музыкалық шығармаларды сезіммен қабылдауына ықпал ету. Әндердің сипатын салыстыруға, орташа қарқынды сезінуге, әнді таза интонациямен орындауға үйрету. Музыкалық аспаппен сүйемелдеу, жаңа би элементтерін орындау және табиғатқа қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	Н.Тілендиев «Құстар әні». Құстардың көңілді бейнесін сипаттау.	А.Райымқұлова «Торғай әні». Әнді жеңіл, анық орындау.	«Калинка» әуенін сылдырауықпен орындау.	Р.Глиэр «Байсалды қолдар»; «Ламбада».	«Құстың дауысын тап», «Түлкі мен қаздар».	«Құстар ұясына»	1	21.01.2025
40	«Тауықтар» биі	Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін музыка арқылы кеңейту. Музыкалық шығарманың сипатын, ән мәтінінің мазмұнын түсініп орындауға үйрету. Музыка ырғағына сәйкес топпен қимыл жасауды, әнді бір мезгілде бастап аяқтауды, есту қабілеті мен ырғақ сезімін дамытуды жалғастыру. Ұқыптылыққа,	Б.Бейсенов а «Тұлпарым». Музыканы көңіл күйін анықтау.	Б.Ғизатов «Төлдер». Әнді анық, табиғи дауыспен орындау.	Бубен және сылдырмақпен қарапайым ырғақтық сүйемелдеу.	С.Прокофьев «Марш»; «Тауықтар» биі (қытай әуені).	«Сиқырлы текше».	«Жұмыртқа»	1	23.01.2025

		ұйымшылдыққа және жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.								
41	Мысығым	Балалардың үй жануарларына деген қамқорлық сезімін музыка арқылы қалыптастыру. Әннің мазмұнын түсініп, сипатын ажырата білуге, әнді анық дикциямен және дұрыс тыныс алып орындауға үйрету. Музыка ырғағына сәйкес қимылдарды топпен үйлесімді орындауға, сылдырауықпен қарапайым ырғақтарды сүйемелдеуге жаттықтыру. Музыкалық есту қабілетін, есте сақтауын және шығармашылық белсенділігін дамыту.	«Ақсақ құлан» қазақ халық әуенін тыңдау, күйдің сипаты мен көңіл күйін анықтау.	Ө. Байділдаев «Мысығым» әнін анық, табиғи дауыспен орындау.	«Ай жарқырап тұр» әуенін сылдырауықтарда қарапайым ырғақпен орындау.	С. Прокофьев «Марш»; «Ақсақ құлан» әуенімен еркін қимылдар.	«Менің балапандарым қайда?», «Көңілді паровоз».	«Мысық пен тышқан»	1	28.01.2025
42	Мысықтың жасырған құпиялары	Балалардың музыкалық шығармаларды тыңдау мәдениетін жетілдіру. Мысық туралы әннің мазмұнын сезіммен қабылдауға, әнді мәнерлеп орындауға, ырғақтық қозғалыстарды дәл жасауға үйрету. Музыкалық аспаптармен сүйемелдеу,	«Ақсақ құлан» қазақ халық әуенін қайталап тыңдау, музыкалық бейнені сипаттау.	Ө. Байділдаев «Мысығым» әнін қайталап, эмоциямен орындау.	Сылдырауықтармен ырғақтық сүйемелдеу.	С. Прокофьев «Марш»; «Ақсақ құлан» әуенімен жұптық қозғалыстар.	«Көңілді күлдіргіштер».	«Тышқанды тап»	1	30.01.2025

		зейінін, есту қабілетін және ырғақ сезімін дамыту.								
43	Көңілді арбакеш	Балалардың көңілді сипаттағы музыканы қабылдауын дамыту. Әннің мазмұнын түсініп, ырғақтық ерекшелігін сезіне білуге, музыкалық сүйемелдеумен қимылдарды үйлесімді орындауға үйрету. Музыкалық есту қабілетін, қиялын және ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	Е. Құсайинов «Көңілді арбакеш» әнін тыңдау, әуеннің көңілді сипатын анықтау.	Д. Ботбаев «Қыс әні» әнін анық, таза интонациямен орындау.	«Калинка» әуенін сылдырауы кпен сүйемелдеу .	В. Тюльканов «Марш»; Г. Абдрахманов а «Сәлемдесу жаттығуы»; Н. Шахина «Қандай ырғақ?» қимылдары.	«Қандай ырғақ?», «Көңілді ноталар».	«Арбакеш тер жарысы»	1	04.02.2025
44	Ойыншықтар	Балалардың ойыншықтар туралы әндерді қызығушылықпен тыңдауына ықпал ету. Музыкалық шығарманың көңіл күйін ажыратып, топпен ән айту мәдениетін қалыптастыру. Би элементтерін музыка ырғағымен үйлестіруге, дабыл аспабын дұрыс қолдануға және шығармашылық белсенділігін дамытуға жағдай жасау.	Б. Жүсіпалиев в «Қуыршақтың мұңы» әнін тыңдау, көңіл күйін сипаттау.	И. Сапарбаев «Ойыншықта» әнін көңілді орындау.	Д. Кабалевский шығармасына сәйкес дабылмен қарапайым ырғақтарды орындау.	Б. Жүсіпалиев «Көңілді марш»; Ө. Байділда «Көңілді би».	«До–ре–ми», «Күннің көзі және бұлт».	«Ойыншықты жеткіз»	1	06.02.2025
45	Ойыншық	Балалардың ойыншық музыкалық аспаптарға	Б. Жүсіпалиев	И. Сапарбаев «Ойыншықта	Д. Кабалевский	Б. Жүсіпалиев «Көңілді	«Ғажайып үйшік».	«Айналмалы	1	11.02.2025

	аспаптар	қызығушылығын арттыру. Әнді көркем орындауға, музыкалық аспаптардың үнін ажырата білуге, ырғақтық сүйемелдеуді дұрыс орындауға үйрету. Музыкалық есте сақтауын, есту қабілетін және қимыл үйлесімділігін жетілдіру.	в «Қуыршақт ың мұңы» әнін қайталап тыңдау.	р» әнін топпен орындау.	й шығармасы на сәйкес дабылда орындау.	марш»; Ө. Байділда «Көңілді би».		дөңгелек»		
46	Таза болайық	Балалардың тазалық пен ұқыптылық туралы түсініктерін музыка арқылы кеңейту. Музыкалық шығарманың сипаты мен мазмұнын эмоциялық қабылдауға, әнді анық дикциямен орындауға және топпен бірлесіп айтуға үйрету. Би қимылдарын музыка ырғағына сәйкестендіру, есту қабілетін, есте сақтауын және шығармашылық белсенділігін дамыту. Тұрмыстық заттарды күтіп ұстауға және адамгершілікке тәрбиелеу.	И. Нүсіпбаев «Кір қуыршақ» әнін тыңдап, кейіпкерді ң көңіл күйін сипаттау.	К. Қуатбаев «Кәне, қызық ойын бар» әнін көңілді әрі анық орындау.	Сылдырма қпен қарапайым ырғақтық сүйемелдеу .	Н. Лысенко «Қуыршақтар мен би»; «Кір жуу» биі.	«Таза киімді таңда», «Дыбысты тап».	«Таза көйлектер »	1	13.02.2025
47	Зырлайд ы шанамы з	Балалардың қысқы ойындарға қызығушылығын музыка арқылы дамыту. Әннің сипатын ажыратып, хормен	Б. Жүсіпалие в «Көңілді марш» әнін тыңдау,	Д. Мацуцин «Зырлайды шанамыз» әнін анық, көңілді	«Қамажай» әуенін сылдырауы қпен орындау.	Е. Тиличеева «Марш»; М. Старокадомск ий «Қысқы би».	«Үйлердің көңіл-күйін тап», «Bells».	«Шанаме н жарыс»	1	18.02.2025

		бір мезгілде бастап, аяқтауға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстарды ажырату, музыкалық аспаппен сүйемелдеу және ырғақтық қимылдарды үйлестіру дағдыларын жетілдіру.	марш сипатын анықтау.	орындау.						
48	Анашым , анажаным	Балалардың анаға деген сүйіспеншілік сезімін музыка арқылы қалыптастыру. Ана туралы әндердің нәзік сипатын ажырата білуге, әнді эмоциялық әсермен орындауға, дыбыс биіктігін сезінуге үйрету. Музыка ырғағына сәйкес би қимылдарын орындауға, мерекелік көңіл күйді сезінуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету.	Н. Тілендиев «Құттықта ймын мама, туған күніңмен!» әнін тыңдау.	Б. Бейсенова «Анажаным» әнін мәнерлеп орындау.	Қоңыраумен қарапайым ырғақтық сүйемелдеу .	М. Раухвергер «Әуе шарларымен би»; А. Чугайкина «Алаңқайдағы көжектер биі».	«Анамызға гүл сыйлаймыз ».	«Гүл шоғын жинау»	1	20.02.2025
49	Анаға сәлем	Балалардың ана туралы музыкалық шығармаларды қызығушылықпен қабылдауын жалғастыру. Әннің мазмұнын түсініп, таза интонациямен орындауға, жоғары және төмен дыбыстарды	Е. Хасанғалиев «Анаға сәлем» әнін тыңдау, көңіл күйін анықтау.	Б. Қадырбекова «Құттықтаймын ана» әнін анық айту.	«Айгөлек» әуенін қоңырауларда орындау.	Е. Тиличеева «Жылқы адымы»; «Ах вы, сени» әуенімен қозғалыстар.	«Балақан да алақан», «Жіп орау».	«Анама көмектесемін»	1	25.02.2025, 04.03.2025

		ажыратуға және қоңырауларда қарапайым сүйемелдеу жасауға үйрету. Музыкалық есту қабілетін, ырғақ сезімін және сахналық мәдениетін дамыту.								
50	Әніміз сыйлық болсын	Балалардың анаға арналған әндерді орындау дағдыларын бекіту. Музыкалық шығарманы зейін қойып тыңдап, әнді эмоциялық бояумен орындауға, аспаптарды дұрыс қолдануға және ырғақтық қозғалыстарды музыкамен үйлестіруге үйрету. Анаға құрмет, ізет және қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.	Е. Хасанғалиев «Анаға сәлем» әнін қайталап тыңдау.	Б. Қадырбекова «Құттықтаймын ана» әнін топпен орындау.	«Айгөлек» әуенін қоңырауларда сүйемелдеу.	Е. Тиличеева «Жылқы адымы»; «Ах вы, сени» қимылдары.	«Анасын тап», «Музыкалық моншақтар».	«Анама сыйлық»	1	27.02.2025
51	Нұрлы көктем	Балалардың көктем мезгілі туралы музыкалық шығармаларды қызығушылықпен қабылдауын қалыптастыру. Әннің сипаты мен көңіл күйін ажыратып, топпен үйлесімді ән айтуға, музыка ырғағына сәйкес би қимылдарын орындауға үйрету. Сылдырауық аспабымен қарапайым	Д. Ботбаев «Наурыз айы» әнін тыңдау, көктемнің ерекшеліктерін музыка арқылы сипаттау.	Б. Бейсенова «Нұрлы көктем» әнін анық дикциямен, табиғи дауыспен орындау.	«Айгөлек» қазақ халық әуенін сылдырауықтарда қарапайым ырғақпен сүйемелдеу.	Е. Тиличеева «Жылқы адымы»; «Ах вы, сени» әуенімен қозғалыстар.	«Көңілді ноталар», «Ән салған кім?».	«Көктем гүлдері»	1	06.03.2025

		ырғақтарды орындау, музыкалық есту қабілетін, ырғақ сезімін және шығармашылық белсенділігін дамыту. Көктем табиғатына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.								
52	Наурыз мейрамы	Балалардың Наурыз мерекесі, ұлттық салт-дәстүрлер туралы түсініктерін музыка арқылы кеңейту. Бесік жырының сипатын сезіне білуге, көктем туралы әндерді эмоциялық әсермен орындауға, би элементтерін дәл орындауға үйрету. Аспаптардың үнін ажырату, дұрыс тыныс алу мен топпен ән айту дағдыларын жетілдіру. Ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.	А. Сағымбайқызы «Бесік» әнін тыңдау, әннің баяу әрі мейірімді сипатын анықтау.	Б. Бейсенова «Наурыз-көктем» әнін топпен орындау.	Даңғыра және сылдырмақ пен қарапайым ырғақтық сүйемелдеу.	А. Тоқсанбаев «Биге шақыру»; «Қара жорға» би элементтері.	«Аспаптардың тембрін ажырату».	«Қамшы»	1	11.03.2025
53	Бесік жыры	Балалардың бесік жырының мазмұны мен тәрбиелік мәнін түсінуіне жағдай жасау. Музыкалық шығарманың сипатын ажыратып, әнді нәзік сезіммен орындауға, аспаптар дыбысын естіп ажыратуға және ырғақтық	Б. Бейсенова «Қош келдің, төрлет, Наурызым!» әнін тыңдау, мерекелік	Н. Тілендиев «Бесік жыры» әнін жұмсақ үнмен, анық орындау.	Б. Бейсенова «Наурыз көктем» әуенін даңғырада сүйемелдеу.	«Қара жорға»; А. Тоқсанбаев «Биге шақыру».	«Бауырсақ кіммен кездесті?», «Қандай ырғақ?».	«Бесікті тербет»	1	13.03.2025

		қимылдарды музыкамен үйлестіруге үйрету. Музыкалық есте сақтауын және эстетикалық талғамын дамыту.	көңіл күйін сипаттау.							
54	Әжемiздiң әнi тамаша	Балалардың әже туралы әндерге сүйiспеншiлiгiн қалыптастыру. Музыкалық шығарманың мазмұнын түсiнiп, әндi мәнepлep орындауға, ұлттық би қимылдарын үйлесiмдi жасауға және музыкалық аспаптарды дұрыс қолдануға үйрету. Үлкендердi құрметтеуге және ұлттық дәстүрдi бағалауға тәрбиелеу.	Б. Бейсенова «Қош келдiң, төрлет, Наурызым!» әнiн қайталап тыңдау.	Н. Тiлендиев «Бесiк жыры» әнiн эмоциялық әсермен орындау.	Б. Бейсенова «Наурыз көктем» әуенiн даңғырада орындау.	«Қара жорға»; А. Токсанбаев «Биге шақыру».	«Аспаптың даусын ажырат».	«Әжеме көмектесе мiн»	1	18.03.2025
55	Домбыра	Балалардың қазақтың ұлттық аспабы – домбыра туралы бiлiмдерiн кеңейту. Домбыра үнiн басқа аспаптардың үнiнен ажырата бiлуге, әндi мақтаныш сезiмiмен орындауға және ұлттық ырғақтарды музыкамен үйлестiруге үйрету. Оркестрлiк орындауға қызығушылықтарын арттыру, ұлттық мәдениетке құрмет сезiмiн	Халық әнi «Домбыра» шығармасын тыңдау, домбыра үнiнiң ерекшелiгiн анықтау.	Б. Бейсенова «Қасиеттi домбыра» әнiн анық әрi әсерлi орындау.	«Айгөлек» қазақ халық әуенiн сылдырауы қтарда орындау.	«Қара жорға»; «Ақсақ құлан» әуенiмен ұлттық қимылдар.	«Бiздiң саяхат».	«Домбыр аны тап»	1	20.03.2025

		қалыптастыру.								
56	Ғарышт ағы қоңырау лар	Балалардың ғарыш тақырыбына қызығушылығын музыка арқылы дамыту. Музыкалық шығарманың көңілді және баяу бөліктерін ажыратып, әуенді эмоциялық қабылдауға, әнді анық орындауға, қоңыраулармен қарапайым ырғақтарды сүйемелдеуге үйрету. Музыкалық есту қабілетін, ырғақ сезімін және жұппен қимыл жасау дағдыларын жетілдіру.	В. Моцарт «Қоңыраул ар сыңғыры» шығармасы н тыңдау, нәзік үнін сипаттау.	Б. Байқадамов «Кел, билейік» әнін көңілді орындау.	В. Моцарт шығармасы н қоңыраула рмен сүйемелдеу .	Е. Тиличеева «Марш»; «Ах вы, сени» әуенімен қимылдар.	«Ырғақты қайтала», «Жоғарғы және төменгі дыбысты тап».	«Ғарыш кемесі»	1	27.03.2025
